

## **Қарағанды қаласындағы аэропорт туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 23 тамыз 1994 ж. N 335-ө

Қарағанды қаласындағы аэропорт құрылысын аяқтауды жылдамдату және Қазақстан Республикасының халықаралық әуе тасымалындағы өскелең сұранысын қанағаттандыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік компаниясы халықаралық талаптарды басшылыққа алып, бір ай ішінде Қарағанды қаласындағы аэропорт кешенінің жобасын Қазақстан Республикасының ҰҚК және Қаржыминімен келісіп, құрылысты аяқтау үшін қаржы және материалдық-техникалық ресурстардың негізделген есебін тапсырсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономмині, Қаржымині 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Экономикасын жаңғырту қорынан қаржы бөлінуін (1 тармаққа сәйкес тапсырылған есептердің негізінде) және Қарағанды қаласындағы аэропорт кешенінің құрылысын аяқтау үшін инвестициялық шаралардың жүзеге асырылуын көздесін.

3. Қазақстан Республикасы Экономминінің жанындағы шетел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттік Қарағанды қаласында салынып жатқан аэропорт кешенінің мұқтажы үшін ұзақ мерзімді валюта кредитін бөлу мүмкіндігін қарасын.

4. Қазақстан Республикасының Экономмині Қарағанды облысының әкімімен, мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына ұсыну үшін Қарағанды қаласындағы аэропорт аумағында еркін экономикалық аймақ ұйымдастыру туралы материалдарды бір ай ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясымен бірлесіп жеке жоба бойынша Қарағанды біріккен авиаотрядын акционерлеу жөніндегі ұсынысты зерттеп, 1994 жылдың IV тоқсанында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тапсырсын.

6. Қазақстан Республикасының ҰҚК мен Қаржымині "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясымен бірлесіп Қарағанды қаласындағы аэропорт кешенінің құрылысы аяқталған соң өткізу пунктін ашу және оған халықаралық мәртебе беру жөнінде ұсыныс енгізсін.

7. "Қазақстан әуе жолдары" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясы самолет парктерін жаңарту және Қарағанды біріккен авиаотрядына кадр даярлау жөнінде

шаралар қабылдасын.

Премьер-министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ